

Мәскеу қаласындағы мәжіліс туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 6 қазан 1993 ж. N 442-ө

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттерінің басшылары Кеңесінің 1993 жылғы 24 қыркүйекте Мәскеу қаласында өткен мәжілісінде қабылданған шешімдерді жүзеге асыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Экономика министрлігі, Әділет министрлігі Экономикалық одақ құру туралы Шартты, Достастыққа мүше мемлекеттер басшылары Мәскеу қаласында қол қойған өзге де Келісімдер мен Шешімдерді белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің бекітуіне ұсынатын болсын, басқа министрліктер мен ведомстволар аталған құжаттардан туындайтын міндеттемелерді тіркеліп отырған қосымшаға сәйкес орындауға шаралар қолдансын.

Шешімдердің орындалуына бақылау жүргізу Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының тиісті бөлімдеріне жүктелсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі, Әділет министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, басқа да министрліктер мен ведомстволар Экономикалық одақ құру туралы Шарттың ережелерін жүзеге асыру жөніндегі келісімдердің жобаларын әзірлеуге қатысуды (даярлауды) қамтамасыз ететін болсын (жоспар-график тіркеліп отыр).

Жалпы басшылық Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Бірінші орынбасары, Үйлестіру-консультациялық Комитеттің мүшесі Д.Х. Сембаевқа жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Әділет министрлігі және Экономика министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттерінің басшылары Кеңесі мен үкімет басшылары Кеңесінің кезекті мәжілісінің қарауына және күн тәртібіне кіргізуді талап ететін мәселелер жөніндегі ұсыныстарды табыс етсін.

Премьер-министр

Қазақстан Республикасы

Премьер-министрінің

1993 жылғы 6 қазандағы
N 442 өкіміне
қосымша

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттері басшылары
Кеңесінің Мәскеу қаласында 1993 жылғы 24 қыркүйектегі
мәжілісінде қабылданған шешімдерді жүзеге асыру
жөніндегі құжаттардың жобаларын әзірлеудің
жоспар-графигі
(КЕСТЕ)

Тәуелсіз Мемлекеттер Достығы

Үкімет басшылары кеңесінің
1993 жылғы 24 қыркүйектегі
шешімімен мақұлданған

Экономикалық одақ құру туралы шарттың қағидаларын
жүзеге асыруға мүмкіндік беретін үкіметаралық
келісімдердің жобаларын әзірлеудің
жоспар-графигі
(КЕСТЕ)